

**Аудандық қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ
№9**

Мақат аудан әкімдігінің
кіші мәжіліс залы

18 маусым 2025 жыл
сағат 15:00

Кеңес төрағасы:

Е.О.Жоламанов – қоғамдық кеңес төрағасы

Кеңес хатшысы:

М.К.Мурзагалиева – қоғамдық кеңестің хатшысы

**Қоғамдық кеңеске қатысқан
мүшелері:**

10

**Қоғамдық кеңеске
қатыспаған мүшелері:**

1

Қоғамдық кеңестің

отырысына шақырылғандар:

Мақат ауданының әкімінің орынбасары Қаржауова Әсел
Шайзадақызы

Мақат аудандық мәслихатының бөлім басшысы Қоразов
Айболсын Қарсақбайұлы.

Мақат аудандық «Аманат» партия филиалының төрағасы
Долдашев Айбол Темірбайұлы.

Мақат аудандық «Алқа Билер» төрағасы Омаров Қабылхан
Мұхамбетұлы.

Мақат аудандық білім беру бөлімінің ардагер мұғалімі
Байгуршинов Талас.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер :

1. Мақат ауданы бойынша жұмыспен қамту, жастарды кәсіпкерлікке баулауда, тартуда, мамандар даярлауда, соның ішінде денсаулық саласында, білім беру саласында, квази мемлекеттік сектор субъектілері, сала мамандарын даярлауда, әсіресе жастарды жұмыспен қамтуда аудан бойынша 2025-2026 ж. жасалған және жасалатын іс шаралар бағдарламасымен, жоспарлармен және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы, әлеуметтік жағдайы нашар және мүмкіндігі шектеулі отбасыларға көрсетілетін қызметтер жөнінде мәліметті тындау, ұсыныс жасау.

Баяндамашы: Мақат аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламасы бөлімінің басшысы Гүлжанар Тлесқызы Утешова. «Атырау облысы бойынша еңбек мобильдік орталығы». КММ-нің Мақат аудандық филиалының директоры Айбол Амангелдіұлы Бағытов.

2. Мақат ауданы бойынша білім беру саласындағы реформалардың іс жүзінде жүріп жатқаны, ҰБТның нәтижелері және аудандағы білім беру жағдайы жөнінде мәлімет беру, денсаулық саласы органдарының нысаналы жұмыстарының нәтижесіне қол жеткізу туралы және де тұрғындарға мемлекеттік сақтандыру жөнінде көрсетілетін қызметтерінің мәліметтеріне толыққанды түсінік беру, және кадр мәселелері жөнінде хабарлама жасау, ұсыныстарын, есеп беру.

Баяндамашылар: Аудандық білім беру бөлімінің басшысы Ж.Көкембаев. Орталық аурухана бас дәрігері Рыскүл Лекерқызы Тайшекенова.

3. Мақат ауданы бойынша санитариялық – эпидемиологиялық бақылау бағытында атқарылған жұмыстар аудандағы эпидемиологиялық ахуалдың жағдайы жөнінде мәліметтер беру, ағымдағы жылдарда жасалатын жоспарлық жұмыстары туралы хабарлама беру, ұсыныс жасау.
Аудандық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасының міндетін атқарушысы Жанат Болатқызы Кабдолова.

Бірінші мәселе бойынша сөз - Мақат аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламасы бөлімінің басшысы Гүлжанар Тлесқызы Утешоваға берілді.

(баяндама жалғанды)

Төраға : Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында Мақат аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламасы бөлімінің басшысы Гүлжанар Тлесқызы Утешова сөз алып, күн тәртібіндегі баяндама аяқталды.

Сұрақтарыңыз болама?

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Тулеуов Бағытжан Кайырболатұлы: Бас бостандығынан айыру орнынан босатылған азаматтарды жұмысқа орналастыру: Әлеуметтік жағдайы төмен отбасындағы балаларды және мүгедектігі бар балаларға әлеуметтік қолдау көрсетіліп жатырма және қандай кедергілер бар?

Жауап:

Мақат аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламасы бөлімінің басшысы Гүлжанар Тлесқызы Утешова: Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде ауданымызда 3 жастан бастап 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға оңалту мақсатында Иппотерапия жұмысы басталуда. Доссор кентінде «Қарлығаш» балабақшасында мүгедектігі бар балаларға Иппотерапиямен жұмыс жасалып жатыр. Иппотерпиямен қоса үй жануарларды, жеміс бақшаларын өсіріп, бағып үйрету жоспарда бар. Осы жоспардағыларды орындауға спонсорлар болмауы кедергі болып тұр. Адамдар Еgov пен РЦП ключ өздері ала алмайды осы кедергі болып тұр.

Инвотакси қызметі 65 мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсетіп келеді. Инвотакси сопровождающий керек.

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Руза Үмбетова: Осал топтағы адамдарды жұмысқа орналастыруға қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

Жауап:

Мақат аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламасы бөлімінің басшысы Гүлжанар Тлесқызы Утешова: Аудандағы халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау бойынша Мақат аудандық мәслихатының 2023 жылғы 8 қыркүйектегі №43-VIII «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешісшіміне сәйкес жан басына шаққандағы орташа кірісі есепке алынбай ақшалай төлем ретінде келесі санаттағы азаматтарға бір реттік әлеуметтік көмек көрсетіледі. 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күніне, Дүлей апаттың немесе өрттің салдарынан зардап шеккен азаматтарға (отбасыларға), Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға, туберкулездің әртүрлі түрімен ауыратын науқастарға, қатерлі ісіктер бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында есуге тұрғандарға, жан басына шыққандағы орта табысы күн көрісі деңгейінен төмен отбасыларына АЕК мөлшерінде бір жолғы көмек көрсетілді.

Аудан бойынша Мақат, Доссор кенттерінде барлығы 48 жалғыздікті қарттармен 22 мүгедектігі бар балалар бар. Оларға 10 әлеуметтік қызметтер үйден арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетеді. Мақат ауданның мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығында 21 мүгедектігі бар балаға арнаулы әлеуметтік көмек көрсетіледі және жеке оңалту бағдарламасына сәйкес, аптасына 5 жұмыс күн бойы 8 сағат қабылдап, ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отыр. Орталықта баланың қабілеті, диагнозына қарай жеке жұмыс жоспары жасақталып, әр баламен жеке жұмыс жасалады.

Сол мәселе бойынша сөз - «Атырау облысы бойынша еңбек мобильдік орталығы». КММ-нің Мақат аудандық филиалының директоры Айбол Амангелдіұлы Бағытовтың орнына қатысқан маман Мырзахметов Әсет Болатұлына берілді.
(баяндама жалғанды).

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Тулеуов Бағытжан Кайырболатұлы: Бас бостандығынан айыру орнынан босатылған азаматтарды жұмысқа орналастыру қалай өтіп жатыр?

Жауап:

«Атырау облысы бойынша еңбек мобильдік орталығы». КММ-нің Мақат аудандық филиалының директоры Айбол Амангелдіұлы Бағытовтың орнына қатысқан маман **Мырзахметов Әсет Болатұлы:** Бас бостандығынан айыру орнынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған жұмыссыз азаматтар бойынша: Пробация қызметі есебінде тұрған жұмыссыз азаматтар – 14 адам. Орталыққа жұмыссыз ретінде хабарласқаны – 11 адам. Қоғамдық жұмыс орнына жіберілгені - 1 адам. Квоталық орынмен тұрақты жұмысқа орналасқаны - 3 адам.

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Габдуллин Ғазиз Жолдасұлы: Мансап ортылығы Доссорға Мақаттан жұмыссыздардың тізбесін ұсыну, бос лауазымдарды, вакансияларды жариялау туралы Доссор кент әкімімен байланыста отырып, мәселелерді шешу жөнінде ұсыныс беріп отыр. Дегенменде, **«Атырау облысы бойынша еңбек мобильдік орталығы».** КММ-нің Мақат аудандық филиалының директоры Айбол Амангелдіұлы Бағытовтың Доссор әкімшілігімен қатынасы нашар.

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Нугиманов Асылбек Көпжасарұлы: Авто жолмен жүріп, жолдарды бұзып жатқан Шахман көліктеріне шаралар қолданылса деген ұсыныс беріп отыр. Және де орталық аурухананың алдындағы жолдың жағдайы өте нашар.

Қоғамдық кеңес төрағасы Жоламанов Ерғазы Оспанұлы: Сіздің тарапыңыздан отырысқа қатысу, қатыспау жөнінде уақытында мәлемет бермегендіктен, күн тәртібіндегі мәселе қаралмағанымен Мырзахметов Әсет Болатұлы толыққандай мәлемет бере алмады. Доссор кентіндегі қоғамдық кеңес мүшелері Доссор кент әкімімен қарым - қатынастың жоқтығы жөнінде ескертулер айтылып, назарлық білдіріп, сұрақтарына толыққанды жауап ала алмады.

Екінші мәселе бойынша сөз - Аудандық білім беру бөлімінің басшысы Көкембаев Жанболат Тортайұлының қоғамдық кеңесінің отырысына келмеуіне байланысты мәселе қаралған жоқ. Орталық аурухана бас дәрігері Рыскүл Лекерқызы Тайшекеноваға берілді. (баяндама жалғанды)

Екінші мәселе бойынша сөз - Орталық аурухана бас дәрігері Рыскүл Лекерқызы Тайшекеноваға берілді. (баяндама жалғанды)

Төраға : Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында Орталық аурухана бас дәрігері Тайшекенова Рыскүл Лекерқызы сөз алып, күн тәртібіндегі баяндама талқыланды. Сұрақтарыңыз болама?

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Нугиманов Асылбек Көпжасарұлы: Мақат бойынша қант диабетімен, қан қысымымен және басқада аурулар бойынша қанша тұрғын сеспте тұр?

Жауап:

Орталық аурухана бас дәрігері Тайшекенова Рыскүл Лекерқызы: Мақат бойынша қант диабетімен, қан қысымымен және басқада аурулар бойынша 2340 тұрғын сеспте тұр.

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Сагинғалиев Аманжол Асқарұлы: Кадр мәселесі қандай деңгейде?

Жауап:

Орталық аурухана бас дәрігері Тайшекенова Рыскүл Лекерқызы: Мақат аудандық ауруханасында кадр мәселесі бойынша қазіргі таңда 46 дәрігер, аудан орталығында 26 дәрігер, Доссор ауылдық ауруханасында 20 дәрігер, орта буын қызметкерлер – 153, доссор ауруханасында 57 медбике, Бәйге – Төбе ауылдық округінде орналасқан дәрігерлік – амбулаториясында 1 дәрігер, орта буын қызметкер – 5 жұмыс атқаруда.

2025 жылға бекітілген Штатта кестесі бойынша мамандармен қамтылуы дәрігерлер 74%, орта буын қызметкерлері 100% құрайды. Ауруханаға жаңадан онколог, эндокринолог, хирург тағы басқада дәрігерлер келді.

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Н.Унгаров: Ситуациялық орталыққа дейінгі 5- ай көрсеткіштер қандай?

Жауап:

Орталық аурухана бас дәрігері Тайшекенова Рыскүл Лекерқызы: Ситуациялық орталыққа дейінгі 5- ай көрсеткіштер:

Д учет – 46%

Актив - 98%

Вызов - 99%

ФГ жоспары - 28%

ДК - 98%

Ск - 98%

БСК - %

Мобильді қосымша - 27%

Қоғамдық кеңес төрағасы Е.О.Жоламанов: Мақат аудандық Қоғамдық кеңесінің 2025 жылғы 18 маусымдағы қоғамдық кеңесінің кезекті отырысына сізді шақырған болатынбыз. Отырыста қаралатын мәселе Мақат ауданы бойынша білім беру саласындағы жай күйі, ҰБТның нәтижелері, жалпы аудан бойынша білімнің сапасы жөнінде мәлемет беру еді. Дегенмен, Сіздің тарапыңыздан отырысқа қатысу, қатыспау жөнінде уақытында мәлемет бермегендіктен, күн тәртібіндегі мәселе қаралмай қалды. Қоғамдық кеңесінің заңы бойынша біз сізге алдына ала хабарлама жіберген болатынбыз, бірақ сіздің тарапыңыздан ешқандай жауапкершілікті біз көріп отырған жоқпыз. **Құрметті аудандық білім беру бөлімінің басшысы Көкембаев Жанболат Тортайұлы** осы мәселе бойынша ескерту береміз, алдағы уақытта бұл мәселені қайта қараймыз.

Үшінші мәселе бойынша сөз — Аудандық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасының міндетін атқарушысы Кабдолова Жанат Болатқызының орнына Аудандық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқарма басшысының уақытша міндетін атқарушысы Асанова Анаргүл Жұмақұлқызына берілді.

(баяндама жалғанды)

Төраға : Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында Аудандық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқарма басшысының уақытша міндетін атқарушысы Асанова Анаргүл Жұмақұлқызы сөз алып, күн тәртібіндегі баяндама талқыланды.

Сұрақтарыңыз болама?

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Сагингалиев Аманжол Асқарұлы: 2024 жылдың 12 ай және 2025 жылдың 5 ай қорытындысымен Мақат ауданында қалыптасқан санитарлық – эпидемиологиялық жағдайы айырмашылығы қандай?

Жауап:

Аудандық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқарма басшысының уақытша міндетін атқарушысы Асанова Анаргүл Жұмақұлқызы: Мақат ауданы бойынша 2024 жылдың 12 айында халық арасында сіреспе, қызамық, оба, құтырма, сібір жарасы, қылау, полиомиелит, балалар арасында «В» вирустық гепатит сияқты жұқпалы аурулары, ұйымдасқан ұжымдарда тамақтан улану, топтық өткір іш аурулары тіркелген жоқ. Мақат ауданы бойынша 2025 жылдың 5 айында халық арасында сіреспе, қызамық, оба, құтырма, сібір жарасы, қылау, полиомиелит, балалар арасында «В» вирустық гепатит сияқты жұқпалы аурулары, ұйымдасқан ұжымдарда тамақтан улану, топтық өткір іш аурулары тіркелген жоқ. Бұл өте жақсы көрсеткіш соңғы екі жылдағы жағдай осындай.

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Қасым Әсем Тимурқызы: мектеп асханасында қандай болсада өзгерістер болама? Пайдаланып отырған судың жағдайы қандай?

*

Жауап:

Аудандық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқарма басшысының уақытша міндетін атқарушысы Асанова Анаргүл Жұмакүлқызы: мектеп асханасында тағамдардың сапасымен түрлері өзгереді, және күнде бақылауда.

Біздің тарапымыздан ауыз судан сынама алып отырмыз және де Атырау су арнасы әр жұмада судан сынама алады.

Төраға : Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер қаралып, талдап, ұсыныс, пікір айтылды.

Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Күн тәртібінде қаралған мәселелер қаперге алынды, мақұлданды.
2. Отырыста айтылған ұсыныстар, пікірлер қабылданды.
3. «Атырау облысы бойынша еңбек мобильдік орталығы». КММ-нің Мақат аудандық филиалының директоры Бағытов Айбол Амангелдіұлына және аудандық білім беру бөлімінің басшысы Көкембаев Жанболат Тортайұлына қатыспауына байланысты қоғамдық кеңесте ескерту беру үшін ұсыныс қабылданды.

Жиналыс төрағасы



Е.О.Жоламанов

Жиналыс хатшысы

М.К. Мурзагалиева